Пәннің қысқаша мазмұны: Информатиканы оқыту әдістемесінің негізгі мәселелері. Компьютерлік білім. Информатика және есептеу техникасы мектеп курстарын оқытудың әдістемесі. Программалау және алгоритмдік тілдердің негізін оқытудың әдістемесі. Есепті компьютерде шешудің жалпы әдістемесі. Информатикаға қосымша оқытудың түрлері. Информатика сабақтарының құрылысы. Оқу процесіндегі есептеу техникасы. Халыққа білім беру жүйесіндегі есептеу техникасы. ДК – оқытудың жаңа ақпараттық технологиялар құралы ретінде. ДК кез-келген ғылым саласында нақты ғылымдар ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардағы ғылыми зерттеу құралы ретінде. Визуалды программалау. Модулді программалау. Объектілі-бағытталған программалау. Қолданбалы дестелер.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр, оқытушы Омашова М.М

BAS 1213 Бағдарламаны әзірлеу және сүйемелдеу

4 кредит

Курстың мақсаты: Студенттерді Macromedia Flash технологиясының мүмкіндіктерімен, негізгі әдістерімен және құралдарымен толық таныстыру; аталған технологияны пайдаланып мультимедиялық оқыту программаларын, WEB беттерін құруға үйрету. Күнделікті оқу процесіне қажетті құрал ретінде пайдалана алатындай деңгейге жеткізу.

Курстың міндеті: Macromedia Flash технологиясының мүмкіндіктерін меңгеру, оқыту процесі мен білім беруді басқаруға ақпараттық технологияларды енгізетін әдіскер ретінде аталған технологияны пайдаланушыларды дайындау.

Күзиреттілігі: Студенттер Бағдарламаны әзірлеу және сүйемелдеу саласындағы жұмыстарды практика жүзінде меңгеріп және іске асыруын, құрылымын, интернетте бағдарламалаудың артықшылықтарын зерттейді.

Пререквизиттер: «Информатика», «Информатиканы оқыту әдістемесі», «Компьютерлік графика».

Постреквизиттер: «Бағдарламаны әзірлеу және сүйемелдеу» пәнін оқудың нәтижесінде студенттер:

- Flash MX интерфейсін меңгеріп, жұмыс істей білуі; әртүрлі құралдарды пайдалана білуі; мәтінмен жұмыс істей білуі; графикалық объектілердің анимациясын құра білуі тиіс;

- Flash MX ортасында символдармен жұмыс істеп, оны пайдалана білуі; Интерактивті анимациялар құра білуі; Flash фильмдерін шығарудың ретін басқара білуі;

- Flash технологиясында программалауды меңгеруі тиіс.

Пәннің қысқаша мазмұны: Кіріспе. Flash MX технологиясының жұмысына жалпы сипаттама. Сурет салу. Салынған суреттерді жөндеу. Графикалық элементтерді көшіру. Объектілерді топтастыру. Мәтінмен жұмыс істеу. Графикалық объектілердің анимациясы. Кадрлық анимация. Автоматты түрде құрылатын анимация. Берілген траектория бойынша қозғалыс анимациясы. Бірнеше объектілердің анимациясы. Flash MX ортасындағы символдар. Символдар құру және сақтау. Клип құру. Анимацияланған графикалық символ құру. Интерактивті анимация. Батырмалар және басқа да интерфейс элементтерін құру. Фильм элементтеріне әрекет тағайындау. Батырма экземплярна немесе клипке әрекет тағайындау. Интерактивті анимация. Батырмалар және басқа да интерфейс элементтерін құру. Flash фильмдерін шығарудың ретін басқару. Белгісі бар кадрға шартсыз көшуді ұйымдастыру. Фильм құрылымы және Movie Explorer панелі. Интерфейс элементіне әрекет тағайындау. Фильм ішіндегі фильмнен бас фильмге көшуді құру. Клиптің негізгі фильмін басқару. Жылжымалы мәтін. Мәтіндік өріс құру, айнымалы атауын меншіктеу және мәтінді айнымалыға беру. Негізгі орағыш жолақтарын қосу. Мәтінге орағыш жолақтарын орнату. Орағыштың экрандық батырмаларына көрінбеушілік қасиетін беру. Сыртқы файлан мәтін шақыру. Flash технологиясында программалау. Қарапайым қозғалысты программалау. Экрандық батырмалар арқылы қозғалысты басқару. Клавиатурадағы бағыттауыш клавиштарды пайдаланып қозғалысты басқару. Айнымалылар. Енгізу-шығару өрістерін құру. Мысалдар. Тармақталу және қайталану командаларына мысалдар. Flash технологиясында тест құру. Студенттердің зерттеу тақырыбы бойынша мультимедиалық оқыту программасын құру.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр, оқытушы Бекмолдаева Р.Б.

ТТзҺТ 4308. Білім берудегі ақпараттық жүйелер

3 кредит

Курстың мақсаты: Орта мектептердегі білім беру жүйесін компьютерлік технологияны қолдана отырып ақпараттандыру.

Курстың міндеті: Информатика мұғалімінің кәсіби қызметінің мазмұны оқу-тәрбиелік үдерісті педагогикалық ғылым мен практика талабы деңгейінде ұйымдастыру, информатиканы оқыту әдістемесін білу және меңгеру, қазіргі

заманғы бағдарламалау тілдерін және қолданбалы бағдарламалар пакетін білу, ақпараттық жүйелерді жобалау құралдарын қолдана білу, әртүрлі қызмет салаларында математикалық модельді құру.

Құзыреттілігі: Пәнді оқып үйренгеннен кейін студенттер Есептеу техникасы және бағдарламамен қамтамасыз ету мамандығынан: электронды есептеуіш машиналарды; есептеу жүйелері; кешендерді және желілері сәулетінің қазіргі жағдайы және даму бағыты туралы; кәсіпорындарда, ғылыми зерттеулерде, ұйымдастырушылық басқаруларда және басқа да аймақтарда ақпараттық технологияларды қолдану мүмкіндіктері тұрады; жаңа информациялық технологиялар, оның қолдану салаларын меңгере алады.

Пререквизиттер: Информатика, Операциялық жүйелер.

Постреквизиттер: Информатиканы оқыту әдістемесі.

Курстың қысқаша мазмұны: Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған процесс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді жаңа комплекстік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту болып табылады. Ақпараттық коммуникациялық технология электрондық есептеуіш технологиясымен жұмыс істеуге, оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламасына негізделеді.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр оқытушы, Абдрахманова Г.М.

ДКІКОМ 2216. ДК ішкі құрылысы және оны модернизациясы

2 кредит

Курстың мақсаты: Есептеуіш техниканың қазіргі заманға сәйкес ақпараттарымен жабдықтарын пайдаланып жөндей алатын мамандар даярлау. Ол информатика пәнін, бағдарламалау, операциялық жүйе, мәліметтер қорын басқару жүйесін оқытуда негізгі база болып табылады. Курстан алынған білім мен практикалық біліктілік ғылыми-жаратылыстану пәндерін оқуда, сонымен қатар курстық және дипломдық жұмыстарды жазуда қолданылады.

Курстың міндеті: есептеуіш техниканың негіздерін оқу; есептеуіш техника құралдарының құрылу принциптері және әртүрлі ЭЕМ кластарының негізгі ерекшеліктерін оқу; микропроцессорлық жүйе, архитектура және дербес компьютердің жұмыс істеу принциптерін оқу; бағдарламалық құралдармен компьютерді тексеруді үйрену; дербес компьютердің дамуының бағыттарымен танысу.

Құзіреттілігі: Студенттер бүгінгі күнгі есептеуіш техниканың даму тарихымен жағдайын және даму тенденциясын; есептеуіш машинаның жіктелуін және әртүрлі ЭЕМ кластарының негізгі ерекшеліктерін (қасиеттерін); дербес компьютер архитектурасын және әртүрлі құрылу принциптерін, жұмысын; архитектурасын және микропроцессорлық жинақ мүмкіндіктерін; құрылу принципі және дербес компьютер жұмысы; дербес компьютерді тексерудің қондырғылық бағдарламалық

құралдарын білуі тиіс. Қойылған есепті талдап жаза білуі; алған білімдерді әртүрлі пәндік салада қолдануды; белгілі бір кластағы дербес компьютерде есептерді шешу үшін қолдануды жасай алуы тиіс.

Пререквизиттер: Математика, Информатика.

Постреквизиттер: Жүйелі программалау; программалау тілдері және технологиялары; дискреттік математика; логикалық алгебра.

Пәннің қысқаша мазмұны: «ДК ішкі ішкі құрылғылары және оның модернизациясы» пәні – электронды есептеуіш машиналарын, жүйелерін, есептеу тораптарын құру және ұйымдастыру принциптерін, қазіргі ЭЕМ жүйелерін, кешендерін құру принциптерін зерттейді. ЭЕМ желілерін құруды ұйымдастырады. ЭЕМ сұлбатехникалық негіздері, ЭЕМ логикалық, жады элементтері, ЭЕМ түйіндері мәселелерін қарастырады.

Бағдарламаның жетекшісі: т.ғ.к., Сулейменова Л.А.

ЕЕММ 1(2)306. ЭЕМ-де машықтану

4 кредит

Курстың мақсаты мен міндеті: Студенттерді компьютердің жұмыс режимдерімен таныстыру, оларды баптау және іске қосу қызметтерін үйрету, компьютер программаларымен практикалық түрде жұмыс атқару және тәжірибеде қолдана білу.

Құзіреттілігі: Студенттер компьютерде операторлық және инженерлік қызмет түрлерін практика жүзінде іске асырады.

Пререквизиттер: Информатика.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеру «Компьютер архитектурасы», «Бағдарламалау тілдері және технологиялары» пәндерін оқытуды жеңілдетеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: ЭЕМ-нің негізгі және қосалқы бөліктерімен таныстыру және олардың жұмыстарын оңтайландыру әдістермен жұмыс жасату. Операторлық қызмет түрлерін үйретумен қатар, инженерлік қабілеттерді студенттерге уағыздау, компьютерлік программалар мен қызмет көрсету программаларын іске қосу іс-әрекеттерін ұйымдастыруға тәрбиелеу.

Бағдарламаның жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қалдарова Б.С.

КВК 4217. Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыздандыру

3 кредит

Курстың мақсаты: Графика, математика және статистика бойынша қолданбалы программалар пакеттерінің мүмкіндіктерін оқып білу

Курстың міндеті: Берілген графикалық және баспалық пакеттерге тән функцияларды оқып білу. Ғылыми салада қолданбалы программалық ұқсас пакеттерінің міндеті туралы түсінікті қалыптастыру. Web-беттерді біріктіретін құрауыштардың негізгі түсініктемелері мен анықтамалары туралы түсініктерді қалыптастыру.

Құзыреттілігі: Қолданбалы программалаудың графикалық пакеттерінің қасиеттері мен мүмкіндіктері туралы түсінігі. Қолданбалы программалар

пакеттерін жалпы концепциялар бойынша құру және жүзеге асыру сұрақтары. Қолданбалы программалаудың графикалық пакеттерін орнату. Графикалық және баспалық (және т.б.) пакеттерді меңгеру.

Пререквизиттер: Информатика.

Постреквизиттер: Диплом жұмысын жазу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Компьютерлік графика. Растрлік графика. Adobe Photoshop программасы. Құрал-саймандар панелі. Ерекшелік құралдары. Сурет салу құралдары. Түзету және өшіру құралдары. Қабаттармен. Палитралар. Мәтінмен жұмыс. Маска және альфа-каналдар. Филтрлер. Adobe Image Ready көмегімен суретті қозғалысқа келтіру.

Векторлық графика. Corel Draw программасы. Құрал-саймандар панелі. Қарапайым фигуралар салу құралдары. Қисықтар салу. Безье қисығы. Түйін және оның түрлері. Түйіндерді түрлендіру. Арнайы эффектілер. Мәтінмен жұмыс. Объектілерді ерекшелік және оларды өңдеу. Объект формаларын өңдеу. Объектілерді ұйымдастыру. Fill құралының палитрасымен жұмыс жасау.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр оқытушы, Абдрахманова Г.М.

CDGR 3214. Corel Draw графикалық редакторы

2 кредит

Курстың мақсаты: Векторлық графиканың негізгі ұғымдары мен принциптерін түсіндіру және оларды Паскаль прогаммалау тілінде қолданып программалау тәсілдерін үйрету. CorelDraw программаларымен танысып, жұмыс істей білу.

Курстың міндеті: Векторлық графиканың түсінігін және оның ақпараттық қамсыздандырылуын білуі; Кесінді, шеңбер генерациясы үшін Брезенхем алгоритмін меңгеруі; Кесінділерді бөліктеу. Сазерленд-Козн алгоритмін қолдана алуы; Робертс алгоритмі. Екі өлшемді, үш өлшемді өзгертулер және проекцияларды меңгеруі тиіс; Векторлық графика. CorelDraw программасының функциональды схемасын құра білуі тиіс.

Құзыреттілігі: Интерактивті Векторлық графиканың бүгінгі таңдағы маңызы және болашағы. Негізгі графиктік құрылғылармен жұмыс істеу негіздері. Векторлық графикада қолданылатын құрылымдық деректер және модельдер. Есептеу геометриясының және векторлық графиканың негізгі алгоритмдері. Жетілген графиктік жүйелерді қолдану.

Пререквизиттер: Информатика, ЭЕМ-де машықтану.

Постреквизиттер: Диплом жұмысын жазу.

Пәннің қысқаша мазмұны: Векторлық графика. Corel Draw программасы. Құрал-саймандар панелі. Қарапайым фигуралар салу құралдары. Қисықтар салу. Безье қисығы. Түйін және оның түрлері. Түйіндерді түрлендіру. Арнайы эффектілер. Мәтінмен жұмыс. Объектілерді ерекшелік және оларды өңдеу. Объект формаларын өңдеу. Объектілерді ұйымдастыру. Fill құралының палитрасымен жұмыс жасау.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр, оқытушы Омашова М.М

APhJN 4217. Adobe Photoshop-CS6 графикалық редакторы

4 кредит

Қысқаша мазмұны: Компьютерлік графика. Растрлік графика. Adobe Photoshop программасы. Құрал-саймандар панелі. Ерекшелеу құралдары. Сурет салу құралдары. Түзету және өшіру құралдары. Қабаттармен. Палитралар. Мәтінмен жұмыс. Маска және альфа-каналдар. Фильтрлер. Adobe Image Ready көмегімен суретті қозғалысқа келтіру.

Векторлық графика. Құрал-саймандар панелі. Қарапайым фигуралар салу құралдары. Қисықтар салу. Безье қисығы. Түйін және оның түрлері. Түйіндерді түрлендіру. Арнайы эффектілер. Мәтінмен жұмыс. Объектілерді ерекшелеу және оларды өңдеу. Объект формаларын өңдеу. Объектілерді ұйымдастыру. Fill құралының палитрасымен жұмыс жасау.

Пререквизиттер: Информатика.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеру «Web-бағдарламалау негіздері», «Объектіге бағытталған программалау» пәндерін оқытуды жеңілдетеді.

Құзіреттілігі: Студенттер берілген графикалық және баспалық пакеттерге тән функцияларды оқып біледі, ғылыми салада қолданбалы программалық ұқсас пакеттерінің міндеті туралы түсінікті қалыптастырады, Web-беттерді біріктіретін құрауыштардың негізгі түсініктемелері мен анықтамалары туралы түсініктерді қалыптастырады.

Бағдарламаның жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қалдарова Б.С.

KG 3218. Компьютерлік графика

4 кредит

Курстың мақсаты: Графиктерді, диаграмаларды, үлгілерді, суреттерді, этикеткаларды еркін мәтін немесе құжатқа енгізу графикалық редакторлар құру қажеттілігін туғызады, көрсетеді. Графикалық редакторлар сәйкес ақпараттық технологияларды қолданылатын графикалық бейнелерді құруға және модификациялауға мүмкіндік беретін инструментальдік құрылғыны көрсетеді. Математика, графика, және статистика бойынша қолданбалы программалар пакеттерін ұсынатын маңыздырақ қасиеттер мен мүмкіндіктерін оқып білу

Курстың міндеті: Берілген графикалық және баспалық пакеттерге тән функцияларды оқып білу; ғылыми салада қолданбалы программалық ұқсас пакеттерінің міндеті туралы түсінікті қалыптастыру; web-беттерді біріктіретін құрауыштардың негізгі түсініктемелері мен анықтамалары туралы түсініктерді қалыптастыру.

Құзыреттілігі: Студенттер ақпараттық технологияларды қолданып графикалық бейнелерді құруға және модификациялауға мүмкіндік беретін инструментальдік құрылғыны меңгереді.

Пререквизиттер: Информатика, ЭЕМ-де машықтану.

Постреквизиттер: Интернетте программалау.

Пәннің қысқаша мазмұны: Компьютерлік графика. Растрлік графика. Adobe Photoshop программасы. Құрал-саймандар панелі. Ерекшелік құралдары. Сурет салу құралдары. Түзету және өшіру құралдары. Қабаттармен. Палитралар. Мәтінмен жұмыс. Маска және альфа-каналдар. Фильтрлер. Adobe Image Ready көмегімен суретті қозғалысқа келтіру.

Компьютерлік графика. Corel Draw программасы. Құрал-саймандар панелі. Қарапайым фигуралар салу құралдары. Қисықтар салу. Безье қисығы. Түйін және оның түрлері. Түйіндерді түрлендіру. Арнайы эффектілер. Мәтінмен жұмыс. Объектілерді ерекшелік және оларды өңдеу. Объект формаларын өңдеу. Объектілерді ұйымдастыру. Fill құралының палитрасымен жұмыс жасау.

Бағдарламаның жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қалдарова Б.С.

FPP 2216. Front Page программасы

2 кредит

Курстың мақсаты: JavaScript тілінің қарапайым элементтері мен Front Page программасын операторларын пайдаланып web-сайт жасау.

Курстың міндеті: Студенттерді скрипт түсінігімен таныстыру. Front Page программасы қарапайым элементтері: тұрақты, айнымалы және литераларды меңгерту. Өрнектер мен амалдарды, амалдар приоритетін зерттеу. Front Page программасының операторлары: қарапайым операторлар, басқару және цикл операторларын меңгерту. Объект қасиеттері мен әдістерін меңгерту.

Құзыреттілігі: Студенттерді Front Page программасын бағдарламалау технологиясын оқу барысында ойды жүйелеп, оның пәрменділігін арттыруға қажетті әдістерді қолдана білуі. Сонымен қатар, оны практикалық іс әрекетінде пайдалана алады.

Пререквизиттер: Информатика, Операциялық жүйелер, Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыздандыру, Интернетте бағдарламалау, Бағдарламалау және тілдер теориясы.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеруде алған білімі мен дағдыларын кәсіптік іс-тәжірибе және дипломдық жұмыстарында қолдана алады.

Курстың қысқаша мазмұны: Front Page программасына кіріспе. Скрипт түсінігі. Front Page программасының қарапайым элементтері: тұрақты, айнымалы және литералар. Өрнектер мен амалдар. Амалдар приоритеті. Front Page программасы қарапайым операторлар. Басқару және цикл операторлары. Объект қасиеттері мен әдістері.

Бағдарламаның жетекшісі: т.ғ.к., доцент Қалдарова Б.С.

IP 1219. Интернетте программалау

4 кредит

Курстың мақсаты: Интернет қызметтерімен, хаттамаларымен, желі компьютерлерінің физикалық және логикалық адрестерімен танысу және гипермәтіндік құжаттарды бағдарламалау негізінде құру болып табылады.

Курстың міндеті: WWW негізінде гипермәтіндік мәліметтерді тасымалдау хаттамасы – HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) арқылы жұмыс істеу, ал оның ішкі ақпараттарын құжаттарды белгілеудің гипермәтіндік HTML (Hyper Text Markup Language) тілі көмегімен құрастыруды меңгерту.

Қүзіреттілігі: Студенттер Интернетте бағдарламалау саласындағы жұмыстарды практика жүзінде меңгеріп және іске асыруын, құрылымын, интернетте бағдарламалаудың артықшылықтарын зерттейді.

Пререквизиттер: «Информатика», «Операциялық жүйелер», «Бағдарламалау тілдері», «Есептеу желілері және телекоммуникациялар»

Постреквизиттер: Студенттер «Интернетте бағдарламалау» пәнінен алған білімі мен дағдыларын кәсіптік іс-тәжірибе және дипломдық жұмыстарында қолдана алады.

Пәннің қысқаша мазмұны: Интернет – бүкіл әлемдегі миллиондаған шағын компьютерлік желілерді бір – бірімен байланыстырып тұрған орасан зор компьютерлік желі, ол хаттама деп аталатын бірыңғай стандартпен жұмыс істейді. Желідегі компьютерлерде мәтін, сурет, аудио – бейнематериалдар, т.с.с. өте үлкен ақпарат көлемі сақталады.

Интернетте көптеген қызмет түрлері бар. Олардың ішіндегі ақпаратты таратуға арналғандары: WWW, FTP, Telnet. т.б.; электрондық мәлімет үшін: E-mail, Usenet, ISQ, IRC, IP-телефония және басқалары. Интернеттің әр қызмет бабы мәлімет таратудың немесе алмасудың әртүрлі функцияларын атқарады, оның үстіне олардың кейбірі ескіріп жойылса, кейбірі жаңадан туындап келеді.

WWW мен оның программалық жабдықтары – желінің ең қуатты, әрі болашағы бар құралдары. WWW негізінде гипермәтіндік мәліметтерді тасымалдау хаттамасы – HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) арқылы жұмыс істейді, ал оның ішкі ақпараттары құжаттарды белгілеудің гипермәтіндік HTML (Hyper Text Markup Language) тілі көмегімен құрастырылады.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр оқытушы, Абдрахманова Г.М.

• .

HTMLP 3218. HTML-тілінде программалау

4 кредит

Курстың мақсаты: Интернет қызметтерімен, хаттамаларымен, желі компьютерлерінің физикалық және логикалық адрестерімен танысу және гипермәтіндік құжаттарды бағдарламалау негізінде құру болып табылады.

Курстың міндеттері: WWW негізінде гипермәтіндік мәліметтерді тасымалдау хаттамасы – HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) арқылы жұмыс істеу, ал оның ішкі ақпараттарын құжаттарды белгілеудің гипермәтіндік HTML (Hyper Text Markup Language) тілі көмегімен құрастыруды меңгерту.

Қүзіреттілігі: Студенттер HTML-де программалау саласындағы жұмыстарды практика жүзінде меңгеріп және іске асыруын, құрылымын, интернетте бағдарламалаудың артықшылықтарын зерттейді.

Пререквизиттер: Информатика, Операциялық жүйелер.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеру «Web-бағдарламалау негіздері» пәнін оқытуды жеңілдетеді.

Курстың қысқаша мазмұны: HTML (HyperTextMarkupLanguage) – бұл құжаттарды кодтау үшін қолданылатын гипертекстік белгілеу тілі. HTML ді көбі программалау тілі деп ойласа да, бұл программалау тілі емес. HTML – мәтінді белгілеу тілі. HTML құжаттарды көру үшін браузерларды қолданамыз. Браузер-программалардың саны өте көп, мысалы көп таралғандар Netscape Communicator, Microsoft Internet Explorer Opera. HTML тілінде қолданылатын командаларды “тег” деп айтамыз. HTML тіліндегі тегтер екі топқа бөлінеді: жұпты жұпсыз. Жұпты тегтер дегеніміз, бір тег ашылса, келесі тег оны жабады. Мысалы, <html> тегтің жұмысын ашады да келесі </html> тегі оны жабады. <title> ашылуы, </title> жабылуы. Жұпсыз тегтер дегеніміз, тег ашылады да қолданыла береді. Мысалы, т.с.с.

Бағдарламаның жетекшісі: Магистр оқытушы, Абдрахманова Г.М.

WBBN 4220. Web-бағдарламалау негіздері

4 кредит

Курстың мақсаты: Интернет қызметтерімен, хаттамаларымен, желі компьютерлерінің физикалық және логикалық адрестерімен танысу және гипермәтіндік құжаттарды бағдарламалау негізінде құру болып табылады.

Курстың міндеті: Студент пәнді меңгеру қорытындысы бойынша білуі тиіс:

- пәннің негізгі компьютерлік терминдерін;
- Интернет қызметтері мен хаттамаларын;
- желі компьютерлерінің физикалық және логикалық адрестерін;
- браузерлердің негізгі атқаратын қызметтерін;
- гипермәтіндік құжат құрылымы мен оны құру технологиясын;
- HTML тілінің тәгтері мен олардың қасиеттерін;
- гипермәтіндік құжатқа сілтемелер, сурет және объекттер енгізуді;
- CSS технологиясының қасиеттерін;
- JavaScript және PHP тілі негіздерін;
- Apache жүйесін және PHP процессорын;
- гипермәтіндік құжаттың интерактивтік интерфейсін.

Студент жасай білуі тиіс:

- компьютерлік жүйелерде тұтынушы ретінде өзінің талаптарын қалыптастыра білуі;
- Интернеттің WWW, FTP, Telnet, E-mail, Usenet, ISQ, IRC т.б. қызметтерімен және іздеу серверлерімен жұмыс істеуді меңгеруі;
- қашықта орналасқан компьютердің каталогтарымен және файлдарымен дербес жұмыс істеуді меңгеруі;
- Web-сайт құру және оны жариялау технологиясы талаптарын орындай білуі;

- браузердің және редактордың компьютер модельдеріне байланысты негізгі компоненттерін таңдай білу;

Құзыреттілігі: Студенттер Web-бағдарламалау саласындағы жұмыстарды практика жүзінде меңгеріп және іске асыруын, құрылымын, интернетте бағдарламалаудың артықшылықтарын зерттейді.

Пререквизиттер: Информатика, Операциялық жүйелер, Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыздандыру, Интернетте бағдарламалау, Бағдарламалау және тілдер теориясы.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеруде алған білімі мен дағдыларын кәсіптік іс-тәжірибе және дипломдық жұмыстарында қолдана алады.

Курстың қысқаша мазмұны: Интернет – бүкіл әлемдегі миллиондаған шағын компьютерлік желілерді бір – бірімен байланыстырып тұрған орасан зор компьютерлік желі, ол хаттама деп аталатын бірыңғай стандартпен жұмыс істейді. Желідегі компьютерлерде мәтін, сурет, аудио – бейнематериалдар, т.с.с. өте үлкен ақпарат көлемі сақталады.

Интернетте көптеген қызмет түрлері бар. Олардың ішіндегі ақпаратты таратуға арналғандары: WWW, FTP, Telnet. т.б.; электрондық мәлімет үшін: E-mail, Usenet, ISQ, IRC, IP-телефония және басқалары. Интернеттің әр қызмет бабы мәлімет таратудың немесе алмасудың әртүрлі функцияларын атқарады, оның үстіне олардың кейбірі ескіріп жойылса, кейбірі жаңадан туындап келеді.

WWW мен оның программалық жабдықтары – желінің ең қуатты, әрі болашағы бар құралдары. WWW негізінде гипермәтіндік мәліметтерді тасымалдау хаттамасы – HTTP (Hyper Text Transfer Protocol) арқылы жұмыс істейді, ал оның ішкі ақпараттары құжаттарды белгілеудің гипермәтіндік HTML (Hyper Text Markup Language) тілі көмегімен құрастырылады.

Бағдарламаның жетекшісі: Т.Ғ.К., доцент Қалдарова Б.С.

JSBT 3211. Java Script бағдарламалау технологиясы

4 кредит

Курстың мақсаты: JavaScript тілінің қарапайым элементтері мен JavaScript тілінің операторларын пайдаланып web-сайт жасау.

Курстың міндеті: Студенттерді скрипт түсінігімен таныстыру. JavaScript тілінің қарапайым элементтері: тұрақты, айнымалы және литераларды меңгерту.. Өрнектер мен амалдарды, амалдар приоритетін зерттеу. JavaScript тілінің операторлары: қарапайым операторлар, басқару және цикл операторларын меңгерту. Объект қасиеттері мен әдістерін меңгерту.

Құзыреттілігі: Студенттерді JavaScript бағдарламалау технологиясын оқу барысында ойды жүйелеп, оның пәрменділігін арттыруға қажетті әдістерді қолдана білуі. Сонымен қатар, оны практикалық іс әрекетінде пайдалана алады.

Пререквизиттер: Информатика, Операциялық жүйелер, Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыздандыру, Интернетте бағдарламалау, Бағдарламалау және тілдер теориясы.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеруде алған білімі мен дағдыларын кәсіптік іс-тәжірибе және дипломдық жұмыстарында қолдана алады.

Курстың қысқаша мазмұны: JavaScript-ке кіріспе. Скрипт түсінігі. JavaScript тілінің қарапайым элементтері: тұрақты, айнымалы және литералар. Өрнектер мен амалдар. Амалдар приоритеті. JavaScript тілінің операторлары. Қарапайым операторлар. Басқару және цикл операторлары. Объект қасиеттері мен әдістері.

Бағдарламаның жетекшісі: Т.Ғ.К., доцент Қалдарова Б.С.

РНРВТ 4217. РНР бағдарламалау технологиясы

4 кредит

Курстың мақсаты мен міндеті: “ РНР бағдарламалау технологиясы ” негізгі тәсілдерін зерттеу, бағдарланған тілдерде программаларды жазу дағдысын алу, өңдеу, тестілеу, толықтыру, талдау, қауіпсіздікті және программалардың сенімділігін қамтамасыз ету әдістерімен танысу.

Пререквизиттер: Информатика, Операциялық жүйелер, Қолданбалы бағдарламамен қамтамасыздандыру, Интернетте бағдарламалау, Бағдарламалау және тілдер теориясы.

Постреквизиттер: Пәнді меңгеруде алған білімі мен дағдыларын кәсіптік іс-тәжірибе және дипломдық жұмыстарында қолдана алады.

Қүзіреттілігі: Студенттерді РНР бағдарламалау технологиясын оқу барысында ойды жүйелеп,оның пәрменділігін арттыруға қажетті әдістерді қолдана білуі. Сонымен қатар, оны практикалық іс әрекетінде пайдалана алады.

Бағдарламаның жетекшісі: аға оқытушы Баймаханова М.М.

МЕZhKI 1221 «Мәңгілік Ел» жалпы Қазақстандық идеясы

2 кредит

Курстың мақсаты: Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын кеңінен талқылау және оны іске асырудың басым бағыттарын айқындау.

Курстың міндеті: Қазақстан ЖОО-да «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асырудағы басты мәселелерге қатысты өзіндік көзқарастарын білдіріп оны шешу жолдары бойынша нақты ұсыныстар беру.

Қүзіреттілігі: қарастырылып отырған мәселені нақты және дәйекті түрде көрсете білу, практикалық маңыздылықтың, тұжырымдардың және ұсыныстардың міндетті түрде болуы. Қазіргі адам санасының ажырамас бөлігі ретіндегі ұлттық компонентті дамыту контекстінде жоғарғы педагогикалық білім беруді жетілдірудегі орындалып жатқан жобалары, құрастырылған тұжырымдамалары жайлы ақпараттың болуы құпталады.

Пререквизиттер: Әлеуметтану, Қазақстан тарихы, Қазақстанның қазіргі заман тарихы, Мәдениет тарихы, Дін тарихы, Түркі халықтарының тарихы.

Постреквизиттер: Саясаттану, Көшпенділердің рухани мәдениетінің ерекшеліктері мен Н.Назарбаевтың еңбектері.

Пәннің қысқаша мазмұны: Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары мен Президенттің Жолдаулары негізіндегі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру контекстінде Қазақстан ЖОО-да болашақ мамандарды кәсіби дайындауды жетілдірудің мақсаты, міндеттері мен жолдары. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының контекстінде болашақ мұғалімдерді кәсіби-педагогикалық дайындауды жаңғыртудың өзекті мәселелері. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясының контекстінде білім алушы жастардың ұлттық сана-сезімдерін қалыптастыру. «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы контекстінде ұлттың бәсекеге қабілеттілігінің негізі ретінде болашақ мамандардың интеллектуалды әлеуетін дамытудағы ЖОО-ның білім беру және тәрбие ортасының мүмкіндіктері. «Мәңгілік ел» ұлттық идеясы контекстінде жастардың рухани-адамгершілік тұрғыда қалыптасуы.

Бағдарламаның жетекшісі: Байтур М.

ДТ 1203. Дінтану

2 кредит

Курстың мақсаты: Дін адамға тілімен бірге беріледі дегенге жүгінсек, дінсіз болмайды. Біз тіл мен діл тәрбиесіне көңіл аудармасақ, өте қиын жағдайға тап болуымыз ықтимал. Сондықтан ондай қиындықтардан құтылудың жолы рухани тәрбиені жастардың бойына сіңіре білу. Дұрыс тәрбиенің нәтижесінде әрбір жеке адамның көкірек көзі ашылып, өмір мен дүние туралы түсінігі саналылықпен қалыптасады. Әркім өмірден өз орнын тауып, азаматтығына дақ түсірмеуі тиіс. Мәселен, бүгінгі таңдағы көріпкел, экстрасеанстерді, бақсы балгерлерді, магиямен айналысатын адамдарды діни адамдар деп теріс түсінушілер де жоқ емес. Міне, осындай сан сауалға дұрыс жауап беретін және қоғамда дін деген атауы бар түрлі секталардан сақ болудың бірден бір жолы дінтану пәні десек қателеспеспіз.

Курстың міндеті: Студенттерді жақсы өмір мен прогреске адалдық пен шынайы адамгершілікке жеткізу үшін әрбір адамға тиісінше ғылыми тұрғыда білім мен тәрбие беру керек. Бұл тұрғыда дінтану пәнінің алатын орны зор. Әлем діндер тарихы пәні студенттерді имандылыққа, бейбітшілік пен парасаттылыққа баулиды. Дін адамның рухани өміріне бірінші кезекте имандылығына әсер етеді.

Құзыреттілігі: Студент қазіргі діни бағытта білім алуы; Исламда болуға тәрбиелеу; Діннің мәні мен тарихын ашып көрсету; Қазіргі кездегі діннің негізгі идеясын дұрыс түсіндіре білу.

Пререквизиттер: Студенттер қоғамда болып жатқан түрлі жағдайларды талдай келе, дүниежүзілік діндер тарихын жүйелеп, саралай келе дінтану пәнінің өзектілігіне көз жеткізу және өзінің жеке бағдарын айқындай білуге үйрету қажет. Студенттер көптеген философиялық пікірталастарды талдай келе, діни философия мен ислам философиясын зерттей келе ойлау қабілетінің іске асатынын білу қажет

Пәннің қысқаша мазмұны: Студенттерді жақсы өмір мен прогреске адалдық пен шынайы адамгершілікке жеткізу үшін әрбір адамға тиісінше ғылыми тұрғыда

білім мен тәрбие беру керек. Бұл тұрғыда дінтану пәнінің алатын орны зор. Әлем діндер тарихы пәні студенттерді имандылыққа, бейбітшілік пен парасаттылыққа баулиды. Дін адамның рухани өміріне бірінші кезекте имандылығына әсер етеді.
Бағдарламаның жетекшісі: аға оқытушы Төлеген Ұ.

SJKMN 1111. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері
2 кредит

Курстың мақсаты: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы азаматтық ұстанымды жүйелі білім арқылы қалыптастыру.

Курстың міндеті:

-жемқорлық әрекеттеріне әсер ететін фактрлар, жемқорлық көріністері туралы жалпы кешенді білімдер;

-сыбайлас жемқорлық саласындағы құқықтық мәдениетті қалыптастыру;

-сыбайлас жемқорлыққа қарсы біліктермен, білімдермен қаруландыру;

-күнделікті және білім алу қызметі кезінде, жемқорлық көріністерін қабылдаудағы сыншыл көз қараспен талдау.

Құзіреттілігі: Пәннің оқыту барысында студенттерге негізгі білімдер беру, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет негіздері саласында ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізуге үйрету нәтижесін меңгеруі қажет.

Пререквизиттер: сыбайлас жемқорлық туралы заңы

Постреквизиттер: сыбайлас жемқорлыққа қарсы құқықтық саясат, сыбайлас жемқорлық және мемлекет, сыбайлас жемқорлық мәнез-құлықтың психологиялы тетіктері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен мемлекеттік қызмет стандагтарының жетілдіруі.

Қысқаша мазмұны: «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру негіздері» пәннің білім жүйесінде пәнаралық және толық пән болып табылады. Бакалавр даярлау кезеңінде барлық бағыттағы пәндерге арналған пән.

Бағдарламаның жетекшісі: Сартбаева Ұ.

«Информатика және математика» кафедрасының мәжілісінде қаралды.
Хаттама №1, «29» 08 2017 ж.

Элективті пәндер каталогын дайындаған:



Абдрахманова Г.М.

Кафедра меңгерушісі:



Қалдарова Б.С.